	<p>қолдарымызбен еленді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз.</p> <p>3. Б.к.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз. П: алға қарай еңкіейміз (солға).</p> <p>4. Б.к.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз.</p> <p>П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз. 5. Б.к.: аяқтарымызды қосып, қолымызды белге қоямыз.</p> <p>П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз).</p> <p>Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде лек-лекпен орындау, балалардың назарын тапсырманы орындағанда арақатыстықтарын сақтауға аударды.</p> <p>Төсеніштердің арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүру, жүгіру. Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату.</p> <p>Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударды (қол моторикасын дамыту).</p> <p>Спорттық жаттығулар Үш дөңгелекті велосипед тебу. «Кім тезірек келеді».</p> <p>Педагог тәрбиеленушілерге қашықтықты барынша тезірек жүріп өтуді ұсынады. Велосипедпен бұрылулы орындауға және қозғалыс бағытын сақтауға баса назар</p>	<p>ыртағымен секіреді, екінші қатар қол шапалақтап тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Алыптар мен құртаканлар»</p> <p>Педагог алым ұзындығының бойға тәуелді екенін түсіндіреді. Балалардың берілген командаларды дұрыс орындауын қадағалайды.</p> <p>«Сықырлы түс» Педагог сықырлы таяқшаның көмегімен балаларды қуыршаққа айналдырады.</p> <p>Дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі</p> <p>Машина» өлеңі</p> <p>Ә. Табылдиевтың</p> <p>Мақсаты: Қысқа еленді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. Көркем әдебиет</p> <p>«Бағдаршам» ойыны</p> <p>Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>«Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады.</p> <p>Жапсыру</p> <p>Музыка – пән жетекшісінің жоспары бойынша.</p>	<p>машиналарды көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрайды.</p> <p>Мынау не? (Автобус).</p> <p>Автобус қандай жерлерге барады? (Ауылға, қалаға барады).</p> <p>Ал мынау не? (Трамвай).</p> <p>Трамвай қандай жолмен жүреді? (Ол – трамвай).</p> <p>Трамвай темір жолмен жүреді (Трамвайға адамдар бір жерден екінші жерге бару үшін отырады).</p> <p>Адамдар трамвайды не үшін (қандай мақсатта) пайдаланады?</p> <p>Автобус пен трамвайдың ұқсастықтары қандай? (Екеуі де адамдарды тасиды. Екеуінің де кабинасы, шаңағы бар). Айырмашылықтары қандай? (Трамвай автобус сияқты кез келген жерге бара алмайды. Олардың дөңгелектері әртүрлі).</p> <p>Трамвайдың кез келген жерге бару үшін не керек? (Темір жол керек).</p> <p>Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді? (Пойыз жүреді).</p> <p>Не үшін барады?</p> <p>Пойыздың қандай айырмашылығы бар? (Пойыз алыс жерлерге бара алады. Және пойыздың бірнеше вагондары бар. Сол себепті ол ұзын).</p> <p>Ұқсастықтарын неден байқауға болады? (Пойыз да адамдарды тасиды. Бірақ пойыз адамдарды</p>	<p>кезекпен орындау (музыканың ырғағы мен характері әртүрлі, әр қонақ өзінше жүреді және әрқайсысының өз музыкасы бар) Ритмдік гимнастика: жаттығуларды музыканың ырғағымен орындау. Кешенді орындау барысында дене сымбатын бұзбай, денені тік ұстау. Екі тізбекке тұрады.</p> <p>Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау.</p> <p>Ойын түріндегі жаттығу:</p> <p>«Жолмен жүріп өт».</p> <p>Нұсқау – ыргакпен, адымды барынша кеңірек ашып жүру қажет.</p> <p>«Тізерлеп тұру» қалпында допты бір-біріне домалату. Балалардың назарын допты қолмен екпінмен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға аударды.</p> <p>Ойын: «Секіріп-бұрыл»</p> <p>Ойын тәртібін еске салу. Балалардың жерге дұрыс түсуін қадағалау.</p> <p>Ым-шарамен жаттығу</p> <p>Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру Математика негіздері</p> <p>Жол белгілерімен, жол қимылысындағы жолдар туралы әңгімелесу</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>ше?</p> <p>- Жер асты жолымен.</p> <p>- Жолдың қай жағымен жүру керек?</p> <p>Оң қол жақпен жүреміз.</p> <p>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?</p> <p>- Аялдамадан отырамыз.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (паздар, балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды).</p> <p>Құрастыру</p> <p>Дене шынықтыру – пән жетекшісінің жоспары бойынша.</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>аударды. Жүрер алдында велосипедке дұрыс отыру және түсу білігіне назар аударды. Қажет болған жағдайда жеке-дара көмек көрсетеді.</p> <p>«Орнынды тап!» (массаж жасайтын төсеніштер). Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы:</p> <p>«Ара». Педагог қалай тұру керектігін көрсетеді: колдарын кеудесіне айкастырып, бастарын төмен түсіріп, денені тік ұстап тұрады. Ара ызыңдады: «Жу-жу-жу» (кеуде қуысын қысып, демді сыртқа шығарған кезде: ж-ж-ж деген дыбыс шығарамыз, содан соң тыныс алған кезде колдарымызды қапталға созып, нықтарымызды жазып айтамыз ...)</p> <p>Ыжылдаймын-ыжылдаймын, Осылайша бал жинаймын.</p> <p>5 рет қайталайды.</p> <p>Балалардың мұрын арқылы әрі терең дем алуына көңіл бөліңіз. Педагог такпак айтып береді: Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі. Денсаулық ол – тыныққан Жүйке тамыр жүйесі. Денсаулық ол – күлуің Көңіл күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Қоршаған ортамен</p>		<p>алыс-алыс жерлерге апарды). Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер? (Ұшақ, кеме). Ұшақ пен кемеіні айырмашылығы неде? (Ұшақ аспанда ұшады, ал кеме суда жүзеді). Қоғамдық көлік түрлерінің құрақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеле ұшатын болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемеіні басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу. Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайын жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын кемелер мен пойыздың бар екендігіне тоқталу. Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы. Сендерге осы көлік түрлерінің ішінен қандай көлік таныс? Өрт сондіруші машинесін қандай жағдайда</p>	<p>Ұзын және қысқа жолдарды ажырату</p> <p>Математика негіздері</p> <p>Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді)</p> <p>А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма?</p> <p>Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?</p> <p>С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба?</p> <p>Д) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба?</p> <p>д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе?</p> <p>Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе?</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>Дене шынықтыру – пән жетекшісінің жоспары бойынша.</p> <p>Музыка-пән жетекшісінің жоспары бойынша.</p>	
--	--	--	---	---	--

	<p>танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет «Бағдаршам» өлеңі Өдібай Табылдиев Максаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді. Сөйлеуді дамыту «Бағдаршам» ойыны Максаты: Сыйықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі Сурет салу Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. Құрастыру Дене шынықтыру-пән жетекшісінің жоспары бойынша.</p>		<p>пайдаланамыз? Өрт сөндіруші машинесінің түсінің неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем машинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем машинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы (кабинасы, шанағы, доңгелектері) туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді. Ойын: «Дауысынан таны». Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі, ушақтың, кемелінің т.б) дыбыстары естіледі. № Ойын «Сипатта» Көп суреттердің ішінен өзіне ұнаған көлік түрі туралы алып, сипаттап айтып беру тапсырылады. Балалармен жүк машинесі, жедел жәрдем машинесі, өрт сөндіру машинесі, жол бөліктері, бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері, жаяу жүргінші өткелі сөздері мен сөз тіркестері бойынша сөздік жұмысын жүргізу. Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, танымдық зерттеу әрекеті</p>		
--	---	--	---	--	--

			«Қала жолдары» ойыны Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. Сурет салу		
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	№ 13 Шалшық суды бақылау Мақсаты: Балалардың назарын жанбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу. Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру» Мақсаты: Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек: «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жуғанды бақылау» Мақсаты: Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.	№ 14 Аула сыпырушының жұмысын бақылау Мақсаты: Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы: еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, коқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. Қимылды ойын: « Қуан шабысы » Мақсаты: Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.	№ 15 Жеңіл көлікті бақылау. Мақсаты: Жеңіл көліктер қайлай біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету. Қимылды ойын: «Такси» Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен, обручпен қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу. Еңбек: Берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Мақсаты: Еңбекке деген түзу көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу.	№ 16 Жүк автокөлігін бақылау (сүт таситын машина, жүк таситын машина, самосвал) Мақсаты: Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк машинасының құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және т.б.), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. Қимылды ойын: « Оқтау тартыс » Қазақ халқының ұлттық ойыны Мақсаты: Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге (сигнал бойынша қанатты және қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету. Еңбек: Өткеншектелді қардан тазалау Мақсаты: Балаларды күректен жұмыс істеуге үйрету (қарды шаңаға тиіп, арнаулы орындарға апару). Еңбектің маңыздылығын түсіндіру.	№ 17 Автобустарды бақылау Мақсаты: Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (<i>тасымалдайтын</i>) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (<i>үлкендерге орын беру, ақырын сойлеу, жол ақысын төлеу</i>). Қимылды ойын: « Бос орын » Мақсаты: Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тігізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босатылған орынға тез отыруға үйрету. Еңбек: Күрделегі жолды қардан тазалау Мақсаты: Тапсырма орындауда мақсаттылықты, ерікті күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге	Достарымен ішке кіру. «Менің досым»

	оралуы киімдерін шешіп шкафттарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» Максаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. Жапсыру	Құрастыру, жапсыру	сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Максаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталау. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу	дағдыландыру. «Күзгі орман» Максаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. Көркем әдебиет	Максаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. (Музыка)	Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу, Б.к. аркада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып негімізді кеудемізге тигіземіз, аяқтың үшін өзімізге қарай тартамыз (2-4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2-4 рет)	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру.	Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай, солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз (3-4 рет)	Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз, жаз дегенде керілеміз (3-4 рет)	Демалу жаттығулары Жіпке байланған күзгі жапырақтарды үрлеу (4-5 рет)
Бесін ас	Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа)	«Жол белгілері» ойыны Максаты: Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері	«Көлік байланыс құралдары» Максаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. Қоршаған ортамен	Женіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау Құрастыру, жапсыру, мүсілдеу	«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап	Ойын: « Болады-болмайды » Қол соғуға болады, қол соғуға болмайды. - жол бойында ойнау (аялдама)

әрекеттер)	Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету	таныстыру		берелі). Сөйлеуді дамыту	- қызыл бағдаршамда жолды кесіп өту (кету) - жасыл шамда жолды кесіп өту (шапалақтау) - жолда доп ойнау (тоқырау) - көліктер өтетін жерде велосипедпен жүру (тоқырау) - автобуста отырып сөйлесу және қатты күлу (стоп) - жол ережесін сақтау (қол шапалақтау)
Балалармен жеке жұмыс	Әбдікәрім Затты толға бөлуге, мыс: көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын топтастыра алады. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Айбат Геометриялық пішіндерді атау. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Нүрсезім Ересектермен бірге өсімдіктерге күтім жасауға үйретуді жалғастыру. (Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Хан,Алихан Түстерді таныстыру, алақанға салып тік және дөңгелетіп есу. (Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)	Арсен,Ибраһим Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттай алады. (коммуникативтік дағды)
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен Серуеннен оралу	№ 13 Шалшық суды бақылау	№ 14 Аула сыпырушының жұмысын бақылау	№ 15 Жеңіл көлікті бақылау.	№ 16 Жүк автокөлігін бақылау (сүт таситын машина, жүк таситын машина, самосвал)	№ 17 Автобустарды бақылау Мақсаты:
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен карандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы
 Балалардың жасы 4 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 26.10.2022ж – 28.10.2022ж

Handwritten signature

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. (музыка, дене белсенділігі)	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп, Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жылы күлкі. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. (көршаған ортамен таныстыру)	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау, тақпақтар айту. (көркем әдебиет)	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу. (казак тілі)	Қоңақтың таңғы тілегімен қарсы алу. Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. (сәйлеуді дамыту, математика негіздері)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертенгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. (көркем әдебиет)	«Ұшала, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Мақсаты Тәрбиеші қоліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. (көршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады. Құрастыру	«Шаштараз» Мақсаты: Балалар ойын арқылы шаш киюшының еңбегін түсінеді. Көркем әдебиет	Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру. Құрастыру
Таңертеңгі жаттығу	1. Б.к. аяқтың арасы алшақ қол белде, қолды артқа сермеу. 3-5 рет. Басты төмен түсірмеу. 2. Б.к. аяқтың арасы алшақ қол белде, алдыға еңкейіп қолды еденге жеткізу. 8 рет қайталау.	3. Б.к. қол белде, екі аяқты кезек алдыға аяқтың ұшымен қою, отырып алдыға аяқты ұшымен қою кезектестіріп. 8 рет қайталау.	4. «Қайық» Б.к. ішпен жатып аяқтың бүгіп қолмен ұстап қайық сияқты теңселу. 6 рет қайталау. 6. Б.к. аяқ алшақ қол арқада оңға, солға бұрылу, басты төмен түсіру, аяқты бүкпеу. 5 рет қайталау.	5. Б.к. жерде арқа мен жатып екі аяқты кезек жоғары көтеру 90 0 – ка екі жанмен кезек жатып аяқты 90 0 – ка көтеру. 5 рет қайталау.	7. Б.к. 10 рет тұржи на сияқты отыру, 10 рет секіру, кезектестіріп 2-3 рет қайталау. 8. Б.к. қолды жоғары созып көтеріліп дем алып, дем шығару.
Таңғы ас	Ойын-жаттығу	«Ас адамның арқауы»	Нан қиқымын шашпаңдар,	«Ас адамның арқауы»	«Дұрыс тамақтануға баулу»

	«Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әлеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	Максаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Жерде жатса баспандар. Теріп алып, кастерлеп Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту	Максаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап. Қазақ тілі	әңгіме Көркем әдебиет
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері (видео) бала бала балақан Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту, дене белсенділігі)	Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу)	«Теңін тап» Максаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Мүсіндеу	«Дүкенші» Максаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. Қоршаған ортамен танысу	«Кім шапшаң» Максаты: Балалар топтасып ойнай алады Сөйлеуді дамыту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Күзгі жапырақтарды жинау» ойыны Қоршаған ортамен таныстыру «Күзгі орман» фотосуреттерді қарастыру. Максаты: Күз мезгілінің кереметі бейнеленген суреттерді атау. Сөйлеуді дамыту Үстел үсті ойыны пазл: «Жеміс-жидектер» Максаты: Балалармен күз байлықтары жеміс – жидектер туралы біледі. Пазлдардан құрастырады. Құрастыру Еркін ойыны: «Әдемі алма» Шарты: Нақты шектейтін ережелері жоқ, бала нені және	«Ерекшелігін тап» ойыны Шарты: Тәрбиеші тақырып бойынша тапсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де ойынға қатысады. Суреттерге байланысты сұрақтар қойып, балаларға ауа райының жағдайын анықтап, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды, ағаштар туралы айтып, сұрақтарға жауап беріп, көрсетеді. Қоршаған ортамен танысу «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Максаты: Еремексез кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, шпирату тәсілдерін пайдаланады	Күз мезгілі жайлы видео көрсету, сұрақтар қою. Сөйлеуді дамыту Түстеріне қарай жапырақтарды жинақтау Математика негіздері Жапырақтың суретін салу, ақ қағазға жабыстыру, және жапырақтардан пазл құрастыру Жапсыру, сурет салу, құрастыру	Күз туралы тақпақ жаттату, мнемокесте арқылы Көркем әдебиет Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу. Сөйлеуді дамыту Д/о: "Сюжетті сурет арқылы әңгіме құрастыр" М/ы: Сұрақ - жауап алу арқылы суреттерді әңгімелей отырып байланыстыра сөйлеуге үйрету. -Балалар жылдың қаншы мезгілі бар? -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Неге қазір күз мезгілі деп ойлайсыңдар? - Күз мезгілінде неше ай бар, атап беріндерші? - Күз ерекшелігі қандай? Қоршаған ортамен танысу -Балалар, бүгін мен сендерге "Алтын жапырақ" атты өте	Бүркіт Жакыповтың «Күз сыйы» өлеңін жаттаймыз. Өлеңді жаттау оңай болу үшін мнемокестені қолданамыз Көркем әдебиет Дидактикалық ойын: «Үлкен – кіші» Максаты: Көлемі бойынша (үлкен – кіші) заттарды салыстыру. Жемістер мен көкөністерді көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен – кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу. Шарты: Үлкен – кіші суреттерді сыздық арқылы қосуды тапсырады Математика негіздері.

	<p>калай істегісі келетіндігін өз еркімен таңдайды. Дөңгелек пішінінен алманың суретін салып, өз калаулары бойынша бояйды. Балалар түрлі түсті қарындаштарды қолданып, өздері салып бояйды. Сурет салу «Күзгі ағаштар»</p> <p>Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.</p> <p>Шарты: Тәрбиеші балаларға тақырып бойынша талсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де ойынға қатысады. Ағаштардың суреттерін ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.</p> <p>Математика негіздері Дене шынықтыру педагог жоспары бойынша.</p>	<p>Мүсіндеу Музыка (педагог жоспары бойынша)</p>		<p>қызықты ертегі алып келдім. Тыңдағыларың келе ме?! Ендеше көзімізді жұмып өзімізді орман ішінде жүрміз деп елестетейік. Көркем әдебиет - Балалар, қазір шығармашылық орталығында "Алтын жапырақтың" достарын жасап берейік.</p> <p>Балаларды екі топқа бөлу: Балаларға дәстүрден тыс әдістермен жапырақ бейнесін жасауды түсіндіру. Жапсыру, сурет салу</p> <p>Дене шынықтыру (педагог жоспары бойынша) Музыка педагог жоспары бойынша.</p>	<p>Дене шынықтыру (педагог жоспары бойынша)</p>
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	<p>№ 21 Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, карағай) Мақсаты: Балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты – карағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне</p>	<p>№ 22 Бұтақтарды бақылау (итмұрын, сирень, кара жемісті шетен, мойыл) Мақсаты: Сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігін сүйсінуге тәрбиелеу.</p>	<p>№ 23 Шөптің солуын бақылау Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын: «Көгершін» ойын Мақсаты: Алаңда орын</p>	<p>№ 24 Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау Мақсаты: Күз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалады.</p>	<p>№ 26 Топырақты бақылау Мақсаты: Ауа райына байланысты топырақтың қасиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған; қурап қалған; кара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыды, оны күрөкпен</p>

	<p>карап; карағай – ұзын ишелер, шыршаларға карағанда ашық түсті; шырша – ишелері қысқа және оңша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын «Бос орын»</p> <p>Мақсаты: Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.</p>	<p>Еңбек: Ағаштардың түбін көпсыту.</p> <p>Мақсаты: Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айкастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.</p>	<p>Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу»</p> <p>Мақсаты: Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек:</p> <p>Клумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау.</p> <p>Мақсаты: Өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу. Өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>	<p>казуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады.</p> <p>Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»</p> <p>Мақсаты: Екі тіреуіштің аралығына байлаған арканның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шафтарына орналастыру.</p> <p>«Көшедегі үйлер»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.</p> <p>Құрастыру, жапсыру</p>	<p>Кім жылы сумен жуынса - өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештеңе деп айта алмайды ол бала.</p> <p>«Табиғатта қандай өзгерістер болды?»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталау. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p>	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.</p> <p>«Көшедегі үйлер»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Достарымен ішке кіру.</p> <p>«Менің досым»</p> <p>Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p>
Түскі ас	<p>Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.</p>	<p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>	<p>Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.</p>	<p>Мақал-мәтел:</p> <p>Тату үйдің тамағы-тәтті.</p>	<p>Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты ұшпау.</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру.</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</p>	<p>Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі</p> <p>Музыка</p>	<p>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру</p> <p>Көркем әдебиет</p>	<p>«Әлди – әлди ұйы қтай гой»</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p>

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Отырып башпайларымызды укалаймыз, аяғымызды сипаймыз.	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып он аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау. (3-4 рет)	Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Ойын Тербеледі ағаштар екі қолымызды жоғары көтеріп оңға солға еңкею. Жанбыр жауды қолымызды жоғары көтеріп шапалақтау. Жапырақтар жерге түсті тіземізді бүкпей еденге қолымызды тигізу.	Демалу жаттығулары: Жел соқты уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшш	Тамақ ауруларын алдын алу: Тамағымызды тұзды сумен шаю.
Бесін ас	Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Баға айтыл», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шалқан» ертегісі Максаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Сөйлеуді дамыту «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Максаты: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады.	Жемістер мен көкөністер ойыны Екі топқа бөліп ажырату Қоршаған ортамен таныстыру Жасыл алмұрт» (заттық мүсіндеу) Максаты: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады, алмұртты құрастырады, түсін пішінін атап, суретін салады (Мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, құрастыру)	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Максаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. Сурет салу	Кітаппен жұмыс «Аспазшы» Максаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады. Сөйлеуді дамыту	Дербес ойын «Мозайка» Максаты: Балалар мозайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. Құрастыру
Балалармен жеке жұмыс	Ибраһим, Әбдікәрім Үлгіге қарап көп-аз ұғымдарын ажырату. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Айбат, Дайана Геометриялық пішіндерді атау. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Жанерке, Мирас Оң және сол қолдарын ажырата алады. Математика негіздері	Медина, Нүрсезім Сурет бойынша өсімдіктер мен жануарлардың атын атап айтуға жаттықтыру. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Арсен, Алихан Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттай алады. Коммуникативтік дағдылары
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюлі қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	№ 21 Қылаңжапырақты	№ 22 Бұтақтарды бақылау	№ 23 Шөптің солуын бақылау	№ 24 Шыбын-шіркейлердің	№ 26 Топырақты бақылау

	<p>ағаштарды бақылау (шырша, карағай) Мақсаты: Балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты – карағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: карағай – ұзын инелер, шыршаларға карағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және оңша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын «Бос орын» Мақсаты: Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.</p>	<p>(итмұрын, сирень, кара жемісті шетен, мойыл) Мақсаты: Сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру. Табиғаттың әдемілігін сүйсінуге тәрбиелеу. Еңбек: Ағаштардың түбін қопсыту. Мақсаты: Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын: «Көгершін» ойын Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айкастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.</p>	<p>жойылуын бақылау Мақсаты: Күз мезгілінде шыбын-шіркейлердің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауы байланысты жәндіктер жоғалады. Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу» Мақсаты: Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену. Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу. Еңбек: Клуумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау. Мақсаты: Өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу. Өсімдіктерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>	<p>Мақсаты: Ауа райына байланысты топырақтың қасиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған; қурап қалған; кара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. Қимылды ойын: «Тауық пен балапандар» Мақсаты: Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына отуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға қалағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.</p>
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгімелесу, Балаларды қайтару.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
 Білім беру ұйымы МКҚК «Күншұақ» бөбекжай-бақшасы
 Топ: «Құлагер» ересек тобы
 Қараша айы 2022 жыл I апта (31.11-04.11)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	Бау музыка әуенін қоса отырып балаларды Нейро жаттығу қимылымен қабылдау (музыка)	Тор көздерден секіру арқылы балаларды көңілді қабылдау (дене шынықтыру)	Қонаққа келген қоянмен балаларды тақпақ айтып қарсы алу. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды түрлі-түсті ыдыстағы шариктерді ауыстыру арқылы шапшаңдыққа үйрету. (дене шынықтыру)	Балаларды сиқырлы сөздер арқылы мадақтап қарсы алу. (көйлегін қандай әлемі, жіден қандай керемет) (Сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата – анамен әңгімелесу. Ата – аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын танытудың маңызын жеткізуге үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру.
Балалардың дербес әрекеті (бау қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Дөңгелек» Максаты: Шығармашылыққа деген қызығушы-лықтарын дамыту; тұзды қамыр және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеу	«Біреу-көп» Максаты: Балаларға «біреу, көп» мағынасын түсіндіру. Тапсырмаларды орындау, ойлау қабілеттерін дамыту. Математика негіздері	Үстел-үсті ойыны: «Түсін тап» Максаты: түстерді сәйкестендіру Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттер-ден тануға дағдыландыру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Көшедегі үйлер» Максаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Менің досым» Максаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту
Танертенгі жаттығу	№5 «Біз күштіміз» 1. Б.к. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау. 2. Б.к. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау. 3. Б.к. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау. 4. «Жылан» Б.к. арқамен	№5 «Біз күштіміз» 1. Б.к. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау. 2. Б.к. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау. 3. Б.к. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау. 4. «Жылан» Б.к. арқамен	№5 «Біз күштіміз» 1. Б.к. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау. 2. Б.к. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау. 3. Б.к. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау. 4. «Жылан» Б.к. арқамен	№5 «Біз күштіміз» 1. Б.к. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау. 2. Б.к. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау. 3. Б.к. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау. 4. «Жылан» Б.к. арқамен	№5 «Біз күштіміз» 1. Б.к. жұдырықты түйіп қолды жоғары көтеру. 10 рет қайталау. 2. Б.к. тізерлеп тұрып қолды жанға – жоғары көтеру. 6 рет қайталау. 3. Б.к. қол артта, аяқтың ұшымен отырып тұру, отырғанада қолды алдыға созу. 6-7 рет қайталау. 4. «Жылан» Б.к. арқамен жатып қолды жанға созу, аяқты сермеп

	жатып колды жанға созу, аяқты сермеп еденнен жылжу. 6 рет қайталау.	жатып колды жанға созу, аяқты сермеп еденнен жылжу. 6 рет қайталау.	жатып колды жанға созу, аяқты сермеп еденнен жылжу. 6 рет қайталау.	жатып колды жанға созу, аяқты сермеп еденнен жылжу. 6 рет қайталау.	еденнен жылжу. 6 рет қайталау.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Гигиеналық шаралар (колды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, колды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу (көркем сөз))	Тамактану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамактану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамактанып болғаннан кейін алғыс айту) (сөйлеуді дамыту)	Өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен кол жуамыз. Таза болды мұнтаздай, Тағамға кол созамыз) (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Нан қайдан келеді?» Максаты: Нанның алам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	«Тостаған» Максаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. Сурет салу	«Өз үйін тап» ойыны Максаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. Математика негіздері	«Күзгі жапырақтар» Максаты: Балаларға күзгі жапырақтардың түсімен таныстыру. Күзде жапырақтардың неліктен сарғаятындығын айтып түсіндіру. Жапсыру	«Менің Отаным-Қазақстан» Максаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүйуге тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Терезеге қарап, ауа райының өзгерісін айтады. Ауа райы әртүрлі болады, бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады. Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру және өздеріне баяндауға мүмкіндік беру Қоршаған ортамен таныстыру Тәрбиеші: - Қолымыздан ұстап дөңгелене ұстайық. Біз қазір неге ұқсадық? Балалар: Күнге. Тәрбиеші: Балалар қалай ойлайсындар бізге күн не үшін қажет? Күн әлемге жарық беріп, шуағын шашады. Күннің пішіні қандай? Түсі қандай? Математика негіздері, сөйлеуді дамыту	Музыка педагог жоспары бойынша. Біз бетімізді қолымызды немен жуамыз? Су бізге не үшін керек? Қалай ойлайсындар? Мақал-мәтелдер жаттау. 1. Судың да сұрауы бар. 2. От арық, су тамыз. 3. Су ішетін арығы жоқ елдің Сүзіп алатын баланы жоқ. Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Су бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. «Су мөлдір, ал сүт мөлдір емес». Қоршаған ортамен	Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету; цифрды 3 санының танбасы ретінде таныстыру; нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрену; өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Үлестірмелі материалдармен жұмыс Педагог балаларға бос жолақтарға үшбұрыш салу қажеттігін түсіндіреді. Педагог қанша десе, сонша үшбұрыш салынуы тиіс және олар қай жерде неше үшбұрыш барын айтып беруі керек. Балаларға берілетін тапсырма: жоғарғы жолаққа	Дене шынықтыру (педагог жоспары бойынша) Музыка педагог жоспары бойынша. Ауа не үшін қажет деп ойлайсындар? - Дұрыс. - Ауа-ен алдымен тыныс алу үшін қажет. Тыныс алған кезде өкпеге ауа барады. Ауаның көлемі болмайды және көрінбейді. Ауа, бұл – жел. Желдің бармайтын жері жоқ. Жазда ыстық жел, ал қыста суық жел соғады. Балалар ендігі тәжірибе біз ауаға жасаймыз. Сөйлеуді дамыту Алайда, шар емес допка жел толтырсақ ауа белгілі бір көлемге толады. Шарды үрлеп ыдыстағы суға саламыз.	Дене шынықтыру (педагог жоспары бойынша) Ұйымдастырылған іс-әрекет: - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілі сендерге ұнай ма? - Күз мезгілі несімен ұнайды? Күз мезгілінің соңғы айы қарашада табиғатта қандай өзгерістер болады? - Иә, балалар, қараша айында жабайы жануарлар оның ішінде аю қонжығымен қысқы ұйқыға дайындалады. - Сендер аюдың баласын қалай атайтынын білесіңдер ме? (Қонжық) Суреттерді көрсету арқылы сол анның бейнесін сомдайды. Мысалы: Кі-кі-кі-түлкі – бұландайды. Ыр-ыр-ыр-қасқыр – ырылдайды. Ян-ян-ян-қоян – секіреді. Дидактикалық

<p>Жайпак ыдысқа сары түсті бояуды дайындап аламыз; - Бояуы бар сары түсті ыдысқа алаканды толықтай малып,алаканды альбом бетіне әртүрлі бағытта саламыз.Сурет салу Дене шынықтыру педагог жоспары бойынша.</p>	<p>таныстыру Зерттеу іс-әрекеті . Су қандай? Түссіз, сұйық,сылдыр екенін көрсету Математиканегіздері Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суга қолыңды жу. Жуынсаң сен, әрдайым, Таза бетін, маңдайың, Тазалықтың досы,су. Көркем әдебиет</p>	<p>1 қызыл үшбұрыш, ал төменгісіне 2 көк үшбұрыш салады.Балалардан сұрайды: – Сендер жоғарғы (төменгі) жолаққа неше үшбұрыш салдыңдар? Содан соң 2-3 баланың қасына келіп, олар салған үшбұрыштарды санайды.Қайсы үшбұрыш артық (кем) екенін анықтайды: 1 немесе 2. Педагог балалардан әр жолақтағы үшбұрыш санын теңестіруді (яғни, 2-ден болуын) өтінеді. Педагог балаларға сұрақ қояды: – Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз) Балалар күз туралы білетін таклақтарын айтады. Педагог жылдың 4 мезгілі (күз, қыс, көктем, жаз) суреттелген суреттерді іледі. Балалармен бірге талқылайды. Күз ағаш бұтақтарын тауып, бояуды тапсырады. «Күзде ағаштардың жапырақтары тез түсіп қалады. Сондықтан суретті әр күні салатын болған сон оны бірдей етіп салу мүмкін емес. Мен мына ағаштың суретін кеше және бүгін салдым. Енді суреттің қайсысын кеше, қайсысын бүгін салғанымды табындар». Педагог балаларға тапсырма береді: –Ағашта ертең қанша жапырақ қалатын болса, сонша жапырақ салындар. Қанша жапырақ саласындар?</p>	<p>Коршаған ортаментанысу Сызықтар мен ауа да желді бейнелу.сурет салу Тілді жаттықтыру. У-у-у-у су Ел – ел- ел – жел Ау-ау-ау-ауа Үн-үн-үн-күн Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі Ауасыз тіршілік жоқ Жел ауаның қозғалысы. Күзгі жел туралы бейнені желімдеу Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштары бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу.Жапсыру</p>	<p>ойын:«Қайсысы нені жақсы көреді?» Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға бауду. Суретте берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу. Мысалы: мысық – сүт, ит – сүйек, тауық – тары, лақ – шөп. Суреттегі жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп ойнату. Суреттерді бір-бірімен сәйкестендіреді. Жанбыр жауды — тырс - тырс, Боран соқты — гу - гу, Жел тұрды — у-у, Найзағай ойнайды — тарс-түрс. Көркем әдебиет,қазақ тілі «Күн мен түн», Шарты:балаларға «күн» дегенде, олар қолдарын ашып, дөңгелек жасайды, ал «түн» дегенде, олар ұйықтаған болады дене шынықтыру Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: Жанбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Қоршаған ортамен танысу</p>
--	--	--	---	---

			– Балалар, енді 3 саны туралы тақпақ айтып беріндер? (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.
Серуен	<p>№ 27 Жапырақтардың толық түсуін бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің өсіп-өнуін бақылау және өзгерістерін таныту. Жапырақтардың қандай түске, қандай жағдайға келетінін, қайла түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты: Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау.</p>	<p>№ 2 Күннің көзін бақылау Мақсаты: Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер қурап, адамдар жылы киім киіледі. Қимылды ойын: «Күн шуағы мен жаңбыр» Мақсаты: Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау» Мақсаты: Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. Спорттық жаттығуларды орындау (дене шынықтыру) Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды</p>	<p>№ 3 Желдің соғуын бақылау Мақсаты: Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сыпат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру. Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру» Мақсаты: Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру.</p>	<p>№ 1 Ауа райын бақылау Мақсаты: Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан, бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзін сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүйеге баулу. Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны) Мақсаты: Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. Еңбек: Гүл шоқтарынан букет жасау. Мақсаты: Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау»</p>	<p>№ 26 Топырақты бақылау Мақсаты: Ауа райына байланысты топырақтың қасиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған; қурап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыпты, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. Қимылды ойын: «Тауық пен балапандар» Мақсаты: Екі тіреушітің аралығын анықтау және қанша ұшып кетсе, оны қайта ұшырату. Ойнау ережесін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. Еңбек: Гүл шоқтарынан букет жасау. Мақсаты: Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау»</p>

		орындау:		Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау.	лукызыгушылыпындамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан киіп жапсыруға дағдыландыру. Жапсыру	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. «Табиғатта қандай өзгерістер болды?» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру. Қоршаған ортамен танысу	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. «Күзгі орман» Мақсаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. Көркем әдебиет	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту
